

Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Статистика және есепке алу жөніндегі ведомствоаралық ғылыми-әдіснамалық кеңес туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 8 қыркүйек 1992 ж. N 751. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.05.31. N 537 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Статистика және есепке алу жөніндегі ведомствоаралық ғылыми-әдіснамалық кеңес туралы осыған қоса берілген ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Статистика және есепке алу жөніндегі ведомствоаралық ғылыми-әдіснамалық кеңестің құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 8 қыркүйектегі
N 751 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Статистика және есепке алу жөніндегі ведомствоаралық ғылыми-әдіснамалық кеңес туралы

Ереже

1. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Статистика және есепке алу жөніндегі Ведомствоаралық ғылыми-әдіснамалық кеңес* өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларын және осы Ереже басшылыққа алады.

Ескерту. Бұдан былай текст бойынша - Ведомствоаралық ғылыми-әдіснамалық кеңес.

2. Қазақстан Республикасының Мемстаткомы жанындағы Ведомствоаралық

ғылыми-әдіснамалық кеңес Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің "Қазақ КСР-інің Статистика және талдау жөніндегі облыстық және Алматы қалалық басқармаларының мәселелері" деген 1991 жылғы 28 ақпандағы N 141 қаулысына және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Республиканың халық шаруашылығында бухгалтерлік есеп пен статистика жүйесін жетілдіру мәселелері" деген 1992 жылғы 31 наурыздағы N 306 қаулысына сәйкес құрылады .

3. Ведомствоаралық ғылыми-әдіснамалық кеңестің негізгі міндеті аса маңызды статистикалық байқаулар жүргізу, мемлекеттік статистиканы жетілдіру мен экономикалық талдауды тереңдету, республика халық шаруашылығында бастапқы есепке алу мен есептілікті жолға қою жөніндегі келісілген әрі бірлескен іс-қимылды жүзеге асыру, мемлекеттік статистика көрсеткіштерінің жүйесі мен халық шаруашылығындағы бастапқы есептің нарықтық экономика жағдайында шаруашылық жүргізу талаптарына әрі халықаралық тәжірибеде қабылданған ережелеріне сәйкес қамтамасыз ету және осы мәселелерді экономикалық ведомстволардың, ғылыми мекемелердің және экономикалық мемлекеттік емес құрылымдардың жұмысында жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу хақында Қазақстан Республикасының Мемстаткомы, министрліктер, ведомстволар, әкімдер әзірлеген әдіснамалық және ұйымдық мәселелерді қарау болып т а б ы л а д ы .

4. Ведомствоаралық ғылыми-әдіснамалық кеңес негізі міндеттеріне сәйкес мынадай негізгі бағыттар бойынша:

а) статистикалық ақпарат пен статистикалық көрсеткіштердің ғылыми негізделген жүйесін пайдалана отырып республиканың және оның аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму үрдістерін қорытып, терең талдау жасауға қажет жаңа әдіснамалық қағидалар түзу және қолданылып жүргендерін ж е т і л д і р у ;

б) республиканың және оның аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктерін ескере отырып, аймақтық статистика көрсеткіштерінің ғылыми негізделген жүйесін ж а с а у ;

в) есепке алу, талдау және статистика жөніндегі жаңа ғылыми зерттеулер жүргізу, әрі осы мақсатта республиканың және оның аймақтарының халық шаруашылығының түрлі салаларында эксперименттік әзірлемелер жүргізу қ а ж е т т і л і г і н а н ы қ т а у ;

г) республиканың басқару органдарында, халық шаруашылығы салаларында, ғылыми және практикалық қызметте статистикалық және экономикалық талдаудың осы заманғы әдістері мен тәсілдерін пайдалану және қолдану арқылы ғылыми және практикалық жұмыстардың деңгейін көтеру;

д) әлеуметтік мәселелер бойынша қоғамдық пікірді статистикалық зерделеу

және соның негізінде республиканың және оның жекелеген аймақтарындағы халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен өмір салтын сипаттайтын қорытынды көрсеткіштер әзірлеу;

е) басқа мемлекеттік статистикалық жұмыс практикасындағы озық тәжірибені зерделеу және кеңінен қолдану, статистикалық әзірлемелерді халықаралық стандарттарға көшіру, статистикалық көрсеткіштердің аттас ұлттық және халықаралық жүйелерінің салыстырмалылығын қамтамасыз ету;

ж) Мемстатком мен республиканың басқа да экономикалық ведомстволары бастапқы есепке алу мен статистика жүйесін жетілдірудің аса маңызды мәселелері бойынша әзірлеген нормативтік құжаттардың жобаларын жасау; республикада барынша үлкен мемлекеттік статистикалық байқауларды ұйымдастыру мен өткізу бағыттарды қарап, ұсыныстар береді.

5. Ведомствоаралық ғылыми-әдіснамалық кеңес өзіне жүктелген мәселелерді о р ы н д а у м а қ с а т ы н д а :

өз құзырының шегінде республиканың аумағында орналасқан министрліктердің, ведомстволардың, бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің пайдалануы үшін ұсыныстар мен шешімдер қ а б ы л д а й д ы ;

Ведомствоаралық ғылыми-әдіснамалық кеңес өзінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес кеңестің мәжілісін өткізеді, ол жылына үш реттен кем ө т к і з і л м е у г е т и і с ;

Ведомствоаралық кеңестің жұмыс жоспары Ведомствоаралық ғылыми-әдіснамалық кеңес мүшелерінің, Қазақстан Республикасы Мемстаткомының бөлімдері мен басқармаларының және оның қарауындағы ұйымдар мен мекемелердің ұсыныстары негізінде жасалады. Жұмыс жоспары Ведомствоаралық ғылыми-әдіснамалық кеңестің мәжілісінде қаралып бекітіледі.

6. Ведомствоаралық ғылыми-әдіснамалық кеңестің:

Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарынан өз қызметіне қажетті деректерді сұратуға және алуға;

өзінің мәжілістерінде министрліктер мен ведомстволардың, жергілікті басқару органдарының басшы қызметкерлерінің Ведомствоаралық ғылыми-әдіснамалық кеңесінде қабылданған статистиканы, есепке алу мен есеп беруді жетілдіру жөніндегі ұсыныстар мен шешімдерді жүзеге асырудың барысы мен нәтижесі туралы тыңдауға;

кеңестің мәжілістеріне тиісті мәселелерді қарауға әзірлеу және сараптан өткізу үшін республика министрліктерінің, ведомстволарының, бірлестіктерінің, кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметкерлерін, сондай-ақ республиканың ғылыми-зерттеу институттары мен экономикалық жоғары оқу орындарының

жетекші ғылымдары мен мамандарын белгіленген тәртіппен тартуға хұқы бар.

7. Ведомствоаралық ғылыми-әдіснамалық кеңестің шешімі, егер кворумда көзделген нормативке сәйкес мәжіліске іс жүзінде қатысқан мүшелерінің жартысынан көбі жақтап дауыс беретін болса, қабылданған деп саналады.

8. Ведомствоаралық ғылыми-әдіснамалық кеңестің мүшелері оның мәжілістеріне ауыстыру хұқынсыз қатысады.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 8 қыркүйектегі
N 751 қаулысына
Қосымша

**Қазақстан Республикасының Статистика және талдау
жөніндегі Мемлекеттік комитеті жанындағы Статистика
және есепке алу жөніндегі ведомствоаралық
ғылыми-әдіснамалық кеңестің**

Құрамы

- Жұмасұлтанов Т.Ж. - Қазақстан Республикасы Мемстаткомының
Төрағасы (кеңестің төрағасы)
- Менжулин Б.И. - Қазақстан Республикасы Қаржыминистрінің
орынбасары (кеңес төрағасының орынбасары)
- Қалмырзаев С.С. - Қазақстан Республикасының Меммүліккомы
Төрағасының орынбасары (кеңес төрағасының
орынбасары)
- Власова Е.А. - Қазақстан Республикасы Мемстаткомының
жиынтық жұмыс, есепке алу мен
статистиканың әдіснамасы және ұйымдастыру
басқармасының жетекші экономисі
- Аманбаев Ұ.А. - Қазақстан Республикасы Мемсәулеткомының
құрылыс экономикасы бас басқармасының
бастығы
- Әшімов Б.М. - Қазақстан Республикасы Мемстаткомы мен
Еңбекмині жанындағы Республикалық
салааралық біліктілікті көтеру
институтының директоры
- Айманбетова Г.З. - Қазақстан Республикасы Мемстаткомы халық
шаруашылығының макроэкономикалық
көрсеткіштері және талдау жасау жетекші
басқармасының бастығы

- Алтаев Н.Е. - Қазақстан Республикасы Көлікмінің
көлікте экономикалық, бюджет-қаржы
саясатын қалыптастыру бөлімінің бастығы
- Абдувалиева Т.В. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіпмінің
экономикалық талдау бөлімінің бастығы
- Бекахметов Т.К. - Қазақстан Республикасы Еңбек министрінің
орынбасары
- Бейсембетов Қ.А. - Қазақстан Республикасы Мемэкономкомы
жанындағы экономика және нарықтық
қатынастар ғылыми-зерттеу институты
директорының ғылым жөніндегі орынбасары
- Горячковский В.И. - Қазақстан Республикасы Мемстаткомы
Төрағасының бірінші орынбасары
- Гарусова З.И. - Қазақстан Республикасы Ауылшармінің
қаржы, есепке алу және есеп беру бас
басқармасының бас маманы
- Гейнц В.Д. - Қазақстан Республикасы Мемэкономкомы
жанындағы Баға комитетінің талдау, бағаны
болжамдау және ақпарат бөлімінің бастығы
- Дауранов Ш.А. - Қазақстан Республикасы Мемэкономкомының
әлеуметтік-экономикалық дамуды болжамдау
мен реттеуді ұйымдастыру басқармасының
бастығы
- Ержанова С.Ж. - Қазақстан Республикасы Бассалық-
инспекциясының бухгалтерлік есеп
басқармасының бастығы
- Ерыгин А.Н. - Қазақстан Республикасы Мемстаткомының
жиынтық жұмыс, есепке алу мен
статистиканың әдіснамасы және ұйымдастыру
басқармасының бастығы
- Ысқақов Ұ.М. - Қазақстан Республикасы Мемстаткомы
жанындағы статистикалық зерттеу
институтының директоры
- Лаврещук В.А. - Қазақстан Республикасы Ұлттық мембанкісі
экономикалық басқармасының бас экономисі
- Рыбакова Т.А. - Қазақстан Республикасы Ресурстармінің
экономикалық басқармасының бастығы

- Сатыбалдин С.С. - Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы
экономика институты директорының
орынбасары
- Сәрсембаев А.А. - Қазақстан Республикасы Мемстаткомы
Төрағасының орынбасары
- Сизинцева Г.С. - Қазақстан Республикасы Мәдениетминінің
бухгалтерлік есеп жөніндегі басқармасының
бастығы
- Сабыров Г.С. - Қазақстан Республикасы Денсаулықмині
медстатистика бөлімінің бастығы
- Тоқниязов Е.М. - Қазақстан Республикасы Мемстаткомының
халықтың әлеуметтік дамуы мен тұрмыс
деңгейіне талдау жасау жетекші
басқармасының бастығы
- Темірбекова Б.М. - Қазақстан Республикасы Саудаминінің
экономиканы басқаруды және нарықтық
қатынастардың қалыптасуын болжамдау және
статистика бөлімінің бастығы
- Федосеев В.Н. - Қазақстан Республикасы Сыртбайланысминінің
сыртқы экономикалық байланысты үйлестіру
және дамыту бөлімінің бас экономисі